



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 16 қаңтар

Clearstream Banking S.A. Luxembourg-пен бірлескен жоба туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Clearstream Banking S.A. Luxembourg (Clearstream) пост-сауда сервисін жеткізушісімен бірлесіп Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын, оның ішінде Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне енгізу жөніндегі жобаны іске асыруға кірісті.

Жоба байланыс арнасын Қазақстан нарығына қарай теңшеу жөніндегі іс-шараларды жүргізуді көздейді. Бірлескен жобаны іске асыру Қазақстан заңнамасының шеңберінде теңгемен шығарылған барлық мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есептерді халықаралық Clearstream есептеу жүйесі арқылы жүргізуге мүмкіндік беріп, шетелдік инвесторлардың Қазақстан қор нарығына қолжетімділігін кеңейтеді.

Clearstream есептейтін бағалы қағаздар құрамына ену шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық мемлекеттік облигацияларға сұранысты ұлғайтуға, олардың өтімділігін және сыртқы нарықтағы тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есептерді Clearstream арқылы жүргізу жүйесін іске қосу ұзақ мерзімді қорландыру көздерін кеңейтуге, мемлекет үшін қарыздар құнын төмендетуге мүмкіндік береді, кірістілік қисығын қалыптастыруға және Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға жағымды ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Clearstream жүйесі арқылы теңгемен мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етудің Қазақстан нарығының әлемдік қаржы жүйесіне терең ықпалдасуы үшін маңызды қадам болып табылатынын атап өтті. Жобаны іске асыру Қазақстан нарығының ғаламдық инвесторлар үшін ашықтығын қаржы ағындарының жақсартылған жеделдігі есебінен айтарлықтай арттырады және шетелдік инвесторларға Қазақстанда жаңа мүмкіндіктер береді.

«Біз Ұлттық Банкпен жергілікті капитал нарығын интернационалдандыруды қолдау үшін ынтымақтастық жасауға қуаныштымыз. Бұл ынтымақтастық біздің ТМД елдерінде және Орталық Азия өңірінде жүргізіп отырған жалпы стратегиямызға сәйкес келеді: 20 жылдан астам уақыт бойы біз өңірдегі дамушы капитал нарықтарына халықаралық инвесторларға олардың инвестициялық тартымдылығын көтере отырып, тәуекел деңгейі төмен тиімді пост-сауда инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып қолжетімділік бердік. Осы стратегия Армения мен Грузиядағы өзінің табыстылығын дәлелдеп үлгерді және біз Қазақстан капитал нарығы үшін сол артықшылықты қамтамасыз ете алатынымызға сенімдіміз», – деп түсініктеме берді Clearstream қосалқы директоры Филип Браун.

Жобаны 2018 жылғы бірінші жартыжылдықтың соңында іске қосу күтіледі.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz